



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасы негізінде «Тұлпар»
ересек тобына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық
жоспары**

Тәрбиешілер: Рахымбекова К.К.
Амангелді А.Қ.

2024-2025 ж

ТҮСІНІК ХАТ

2024-2025 оқу жылына арналған тәрбиелеу-білім беру жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының 1-міндетін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігін және сапасын қамтамасыз ету», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» міндеттерін орындау мақсатында жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу-білім беру процесі төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алып ұйымдастырылады:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;

- Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2024-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институтының» ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттамасы).

Айы	Ұйымдастырылған іс – әрекет	Ұйымдастырылған іс – әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	Жүру. Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секірумен, басқа қимылдармен кезектестіру, қол мен аяқ қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтау; Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру, кіші және үлкен қадаммен жүгіру, сапта бір-бірлеп, түрлі бағытта жүгіру. Түрлі тапсырмалармен жүгіру: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшімен ауыса отырып жүгіру. 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру; орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру; Шеңбер бойымен бір қалыпты жүру. Белгі бойынша шашырап жүгіру Секіру. Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру), 2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру; бір орында оңға, солға бұрылып секіру, баланың қолын көтергендегі биіктіктен жоғары ілінген нәрсеге орнынан секіру арқылы затты жанап өту, 4–5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см), 20–25 см биіктікке секіру; бір аяқпен секіру (шамамен 4–5 рет оң және сол аяқпен). Қысқа секіртпемен секіру (демалу үзілістері бар 2–3 реттен 10 секіру)
	Сөйлеуді дамыту	Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру; Күтілетін нәтиже:Құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасқа түсе алады олардың өтініштерін орындайды.
	Көркем әдебиет	Қазақстан халқының мәдениетімен таныстыру Күтілетін нәтиже:Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай біледі, таныс ертегілердің мазмұнын айтып береді.
	Қазақ тілі	Дауысты , дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ұяң дыбыстарды анық айтуды үйрету. Күтілетін нәтиже:дауысты , дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады,
	Математика негіздері	Жиын: 1) әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру; Күтілетін нәтиже:теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарға ие;
	Қоршаған ортамен таныстыру	Көлік түрлерінің қолданысы (әуе , су, жерде жүретін көліктер), жүктің сипаты және қолданылуы, машинаның құрлысына тәуелділігі туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы

		және тағы басқа), Күтілетін нәтиже: бағдаршамның белгілерін, көшеде, жолдан өткенде өзін дұрыс ұстауды біледі.
	Сурет салу	Балалардың сезімдік-эмоциялық қасиеттерін, бейнелеу өнерін қалыптастыру; Күтілетін нәтиже: Сурет салу кезінде қарындашты, фломастерді, қылқаламды қолында еркін ұстай білді.
	Мүсіндеу	Бірнеше бөліктен тұратын күрделі емес заттарды, жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылықтарын дамыту. Күтілетін нәтиже: Сазбалшықтан, ермексаздан, қамырдан мүсіндеуге қызығушылық танытады, алақанға салып тік және дөңгелектеп есе біледі.
	Жапсыру	Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыруТүзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету. Күтілетін нәтиже: қайшыны дұрыс ұстайды және пайдаланады.
	Құрастыру	Қағаздан құрастыру, қағаздан құрастыруға үйрету, қағазды тікбұрышты парағының жартысынан бүктеп бұрыштарды және қырларды біріктіру, детальдің негізгі бөліктерін желімдеу. Күтілетін нәтиже: Қағаздан көлемді пішіндерді жасай алады.
	Музыка	- Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға үйрету - Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту - Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату. Музыка сипатын анық ырғақты, ширақ жүріспен беру - Музыка сипатын ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру - Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау - Ұлттық домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру - Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. - Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру Күтілетін нәтиже Музыкаға деген қызығушылығы артты, әуен түрлерін ажыратады

Қазан	Дене шынықтыру	Лақтыру. домалату, қағып алу: заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан), 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет). окт Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру. Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.
	Сөйлеуді дамыту	Тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолдану маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: тұрмыстық заттар және қоршаған табиғат заттарының мәнін түсінеді.
	Көркем әдебиет	Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға, диалогтік сөйлеуге, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету. Күтілетін нәтиже: әдеби киіпкерлердің қылықтарын бағалай алады.
	Қазақ тілі	Сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен бірге қолдану. Күтілетін нәтиже: сан есімдерді ретімен атайды, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көрше түрде байланыстырады.
	Математика негіздері	Сан, санау: 5 көлемінде санау, заттарды үлгісі бойынша және аталған саны бойынша санау дағдысын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: 5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды;
	Қоршаған ортамен таныстыру	Адамдарға еңбек үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: еңбек адамдарына және олардың еңбектерінің нәтижелеріне құрмет көрсетуді біледі.
	Сурет салу	Ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: қазақ оюларының бөліктері туралы ұғымдарды игерді.
	Мүсіндеу	Түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу. Күтілетін нәтиже: кескішпен түрлі безендірулер жасай алады.

	Жапсыру	Қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға үйрету. Күтілетін нәтиже: композиция құрайды, жолаққа геометриялық пішіндер мен өсімдік өрнектерінен өрнектер жасай алады.
	Құрастыру	Эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой-өрісін кеңейту. Күтілетін нәтиже: құрлысты безендіру үшін түрлі түсті бөлшектерді қолданады.
	Музыка	- Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру - Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету. - Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дамыту - Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің шаттық күйін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту - музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру. - Қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажырату. - Музыка сипатына сәйкес қимылдар орындау. - Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау Күтілетін нәтиже Әннің мазмұнына сәйкес қимылдар жасап, әнді орындайды

Қараша	Дене шынықтыру	1. Негізгі қимылдар. - кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; 2. Жалпы дамытушы жаттығулар. - Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу - допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); - гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу - әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту -3.Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру - екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру - оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен секіру - бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру - алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру - оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру Күтілетін нәтиже Спортқа деген қызығушылығы артты, қимылды ойындарды ереже сақтап ойнайды. Кедергілерден өтіп үйренді. Қос аяқпен секіреді
	Сөйлеуді дамыту	Баланың сөздік қорына ийеналасындағы өзін қоршаған ортадан заттармен құбылыстардың атаулары мен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау Күтілетін нәтиже: Айналасындағы заттармен тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну.
	Көркем әдебиет	Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Күтілетін нәтиже: Ертегілердегі жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді ажырата алады, ертегіні сахналай біледі.
	Қазақ тілі	Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Күтілетін нәтиже: Айналасындағы заттармен тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну.
	Математика негіздері	Заттарды зерттеу барысында олардың пішінін, көлемін көзбен өлшеу, қолмен ұстау арқылы көрнекі-бейнелік ойлау арқылы есте сақтауды, қиялдауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Күтілетін нәтиже: Бірнеше заттың өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыра алады.

	Қоршаған ортамен таныстыру	Ересектердің еңбегі, оның қоғамдық өмірдегі рөлі туралы, жалпы қабылданған нормалар мен ережелер негізінде құрдастарымен және ересектермен өзара қарым- қатынастар туралы білімдерін кеңейту. Күтілетін нәтиже: Еңбек туралы біледі, үлкендердің еңбегін бағалайды, қызығушылық танытады.
	Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Күтілетін нәтиже: Жеке заттарды және сюжетті композицияларды салады.
	Мүсіндеу	Ермексаз, балшық, сазбалшық, классикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшелігін ескере отырып мүсіндеу. Күтілетін нәтиже: Ермексаз, балшық, сазбалшық, классикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндейді.
	Жапсыру	Қайшыны дұрыс ұстауды жіне пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды киюды үйрету. Күтілетін нәтиже: Қысқа және ұзын жолақтарды қия алады.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан «лего» конструкторлардан құрастыру. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Күтілетін нәтиже: Құрылыс бөлшектерін ажыратады және атайды, оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдалана алады.
	Музыка	-Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету -Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. -Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру -Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру -Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. -домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, таныстыру. -Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау Күтілетін нәтиже Түрлі әуендерді тыңдап, музыкаға сай қимылдар жасайды

Желтоқсан	Дене шынықтыру	1. Негізгі қимылдар. Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу 2. Жалпы дамытушы жаттығулар. -допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату -допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; - допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру - допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу - допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр). - Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, -бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру 3. Қимылды ойындар. - орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру - Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау - Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру - Түзу бағытта адымдап жүру. Күтілетін нәтиже Спортқа деген қызығушылығы артты, қимылды ойындарды ереже сақтап ойнайды. Тыныс алу жаттығуларын жасайды.
	Сөйлеуді дамыту	Балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну; Күтілетін нәтиже: ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналайды;
	Көркем әдебиет	Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу .Күтілетін нәтиже: қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтады және шығарма мазмұнын әңгімелейді
	Қазақ тілі	Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін

		жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. Күтілетін нәтиже: еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізеді,
	Математика негіздері	танымдық қызығушылықты дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау жасай білуге, қорытынды шығаруға баулу Күтілетін нәтиже: қарапайым себеп-салдарлық байланысты орнатады
	Қоршаған ортамен таныстыру	Отансүйгіштік сезімдерін, еліміздің жетістігіне мақтаныш сезімін тәрбиелеу; Күтілетін нәтиже: Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарайды; өз Отанын – Қазақстан Республикасын мақтан тұтады;
	Сурет салу	Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. Күтілетін нәтиже: қазақ халқының және басқа халықтардың өнер және басқа халықтардың өнер туындыларына қызығушылық танытады; туындыларына қызығушылық танытады;
	Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Күтілетін нәтиже: бірнеше бөліктен тұратын заттарды пішіндейді, олардың орналасуын ескере отырып, пропорцияларды сақтай отырып, бөліктерді байланыстырады;
	Жапсыру	Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету. Күтілетін нәтиже: қысқа және ұзын жолақтарды қияды;
	Құрастыру	Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Күтілетін нәтиже: құрылыс бөлшектерін ажыратады және атайды, оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдаланады;
	Музыка	Балаларды шығармалардың эмоционалды

		мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету -Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. -Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру -Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру -Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. -домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, таныстыру. -Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау Күтілетін нәтиже Түрлі әуендерді тыңдап, музыкаға сай қимылдар жасайды
--	--	--

Қаңтар	Дене шынықтыру	1. Негізгі қимылдар. - Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою - Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. 2. Жалпы дамытушы жаттығулар. - Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу - Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею - Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бұгу және тік көтеру 3. Спорттық жаттығулар. - Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу - Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру, қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу - Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею 4. Спорттық ойындар - 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). - Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді Күтілетін нәтиже Аяқтың ұшымен, өкшемен жүріп жаттығады. Гимнастикалық орындық үстінде түрлі жаттығулар жас айды.
	Сөйлеуді дамыту	Балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу. Күтілетін нәтиже: Өзі зерттеген заттарды, суреттейді сипаттайды.
	Көркем әдебиет	Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау. Күтілетін нәтиже: әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өз көзқарасын білдіреді.
	Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Күтілетін нәтиже: Сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс айтады, анық айтады.
	Математика негіздері	Сенсорлық қабілеттерін, бастапқы ойлау операцияларын, жиын туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Қарапайым себеп-салдарлық байланысты орнатады.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Танымдық қызығушылықтары мен

		шығармашылық қиялды қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Тапсырманы жауапкершілікпен орындайды, бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді.
	Сурет салу	Қоршаған ортадағы әсемділікті қабылдауға баулу, шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту. Күтілетін нәтиже: Сурет салуда әртүрлі түстерді қолданады, көп түске назар аударады.
	Мүсіндеу	Мүсіндеуде қысу, басу, тарту, тәсілдерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Күтілетін нәтиже: Мүсіндеуде қысу, басу, тарту, тәсілдерін қолданады.
	Жапсыру	Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Күтілетін нәтиже: Бірнеше бөліктерден тұратын заттарды орналастырады және желімдейді.
	Құрастыру	Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, дайын құрылысты талдау. Күтілетін нәтиже: Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнайды, өзбетінше ойдан құрастырады.
	Музыка	-Қазақ халқының би өнерімен таныстыру -балаларға «Қаражорға» биін билету -Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару -мәтінге сәйкес әнді сахналау -шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. -Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету -балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу Күтілетін нәтиже Әнді музыкамен айтуға үйренеді

Ақпан	Дене шынықтыру	1. Негізгі қимылдар - гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет). - Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). - Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); 2. Жалпы дамытушы жаттығулар. - қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту 3. Спорттық ойындар. - Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату - Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау - Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру - Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру Күтілетін нәтиже Лақтыру, қағып алу, тыныс алу жаттығуларын үйренеді. Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебуді, Оңға және солға бұрылуды үйренді
	Сөйлеуді дамыту	Баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуына оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау. Күтілетін нәтиже: өзін қоршаған заттар мен құбылыстардың атауларын біледі.
	Көркем әдебиет	Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өзбетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Күтілетін нәтиже: Кітаптағы иллюстрацияларды өзбетінше қарап, ертегі әңгіме құрастырады.
	Қазақ тілі	Сөздік қор. Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкерлердің іс- әрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Күтілетін нәтиже: Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша өз бетінше ретімен қайталап айтады.
	Математика негіздері	Шама. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Күтілетін нәтиже: Шаманы салыстыруда үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданады.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Құрдастарымен сыпайы қарым- қатынас жасауға баулу.

		Күтілетін нәтиже: Сыпайы түрде өз өтінішін білдіреді, көрсеткен қызметі үшін алғыс айтады.
	Сурет салу	Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тіктөртбұрыш, көлемі бөліктері туралы орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Күтілетін нәтиже: Заттарды түсі, пішінін ескере отырып салады.
	Мүсіндеу	Балаларды көлемдік пішіндер мен композицияларды мүсіндеуге қызығушылықтарын арттру. Күтілетін нәтиже: Мүсіндеуді қызығушылықпен орындайды.
	Жапсыру	Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алып, бейне жапсырады. Күтілетін нәтиже: Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қияды.
	Құрастыру	Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіріп желімдеу. Күтілетін нәтиже: Қағаз парағын түрлендіреді, өзара бөлшектерді желімдеп, композиция құрастырады.
	Музыка	- Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру - Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету - Бесік жыры арқылы балаларды имандылыққа тәрбиелеу - Әуенге ілесе отырып, ырғақты сақтап аспапта ойнауға дағдыландыру - Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту. - Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже Музыкаға сәйкес қимылдар жасап билейді.

Наурыз	Сөйлеуді дамыту	Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, қонақты төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», «ас қайыру, бата беру» қонақтышығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басына әдепті сақтауға баулу. Күтілетін нәтиже: қазақ халқының салт-дәстүрін, құндылығын құрметтейді.
	Көркем әдебиет	Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Күтілетін нәтиже: Тақпақтарды, санамақтарды, өлеңді мәнерлеп, жатқа айтады.
	Қазақ тілі	Төрт түлікті ібағатын адамдардың кәсіпшілік атауларымен таныстыру: (қойшы, жылқышы, сиыршы, түйеші) аталған атаулардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Күтілетін нәтиже: Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын біледі.
	Математика негіздері	Геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау- қысқалау, кеңдеу- тарлау, жоғары- төмен, қалың- жұқа) Күтілетін нәтиже: Геометриялық фигураларды көру және сипап сезу арқылы зерттейді.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. Күтілетін нәтиже: Жануарларға күтім жасауды және үлкендердің еңбегін бағалай біледі.
	Сурет салу	Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құсқанаты, бүршік, қызғалдақ, қошқар мүйіз, қой ізі, құс тұмсық, бота мойын, ирек» суретін салу. Күтілетін нәтиже: Қазақ оюларының элементтерін салады, оларды қағаз бетіне орналастырады.
	Мүсіндеу	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінмен қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Күтілетін нәтиже: Қазақ халқының тұрмыстық заттарын мүсіндеуге қызығушылық танытады.
	Жапсыру	Қазақ халқының сәндік- қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Күтілетін нәтиже: Ұлттық ою- өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіреді.
	Құрастыру	Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары) тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау,

		диірмен) таныстыру. Күтілетін нәтиже:Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған жасалған бұйымдарымен, тұрмыстық заттарын, олардың қандай материалдан жасалғанын біледі.
--	--	--

Сәуір	Сөйлеуді дамыту	Тілдің грамматикалық құрылымы.Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде,сын есім,сан есімді ретімен айтуға үйрету. Күтілетін нәтиже:зат есімдерді, сын есімдермен байланыстырып айтады.Сын есімді ретімен санайды.
	Көркем әдебиет	Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар мен ертегілермен қарапайым қойылымдарды ойнауға үйрету Күтілетін нәтиже:Сахналық қойылымдарға қатысады; әдеби кейіпкелердің әрекеттеріне өз көзқарасын білдіреді.
	Қазақ тілі	Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттау, жұмбақтар шешкізу.Мазмұнына сәйкес түрлі шығармаларды интонацияларды мәнерлеп айтуға баулу Күтілетін нәтиже:Тақпатарды, санамақтарды мәнерлеп жатқа айтады
	Математика негіздері	Кеңісті бағдарлау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау берілген бағытта қозғау (алға, артқа, оңға ,солға, жоғарға,төменге) Күтілетін нәтиже:Кеңістіктегі заттардың өзіне қатысты орнын анықтайды
	Қоршаған ортамен таныстыру	Ауа-райын бақылау;өлі және тірі табиғат;өсімдер әлемі; жануарлар әлемі туралы ұғымдарын қалыптастыру Күтілетін нәтиже: Бақылау, күтім жасап, өлі және тірі табиғаттарға тәжірибе жасай алады.
	Сурет салу	Өртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұғымдарды қалыптастыру (гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңдері туралы ұғымдарын байыту) Күтілетін нәтиже:қоңыр,қызғылт сары,ашық жасыл реңдерді таниды
	Мүсіндеу	Қоршаған орта тақырыптарына байланысты ұжымдық жұмыстарды орындау (құс,гүл,ағаш т.б.) Күтілетін нәтиже:мүсіндейтін затты зерттейді, өзіне тән ерекшелігін біледі
	Жапсыру	Дайын пішіндерден құстар, гүлдердің пішінін қию және сол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру Күтілетін нәтиже:жапсыруда қауіпсіздік ережелерді сақтайды, жұмысты ұқыптылықпен орындайды

	Құрастыру	Табиғи, қалдық материалдан құрастыру(гүл, құс, ағаш т.б.) Күтілетін нәтиже: табиғи және қалдық материалдардан бейне құрастыра алады
--	-----------	--

Мамыр	Сөйлеуді дамыту	Байланыстырып сөйлеу. Диалогті сөйлеуді жетілдіру, әңгімеге қатысуға баулу, суретті өз бетінше қарап сипаттау, әңгіме құрастыруға үйрету Күтілетін нәтиже: Суретті өз бетінше сипаттай біледі, диалог құра алады
	Көркем әдебиет	Образды бейнелеуде(ым- ишара, қимыл) қолдануға еркін ойындарда өздеріне таныс кейіпкерлердің образдарын сомдайды Күтілетін нәтиже: образды бейнелеу үшін мәнерлік құралдарын қолданады
	Қазақ тілі	Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырылық танытуға баулу Күтілетін нәтиже: кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіреді
	Математика негіздері	Уақытты бағдарлау Тәулік бөліктері (таң ертең, күндіз, кеш, түн) ұғымдарын үйрету Күтілетін нәтиже: тәулік бөліктерін ажыратады, олардың сипаттамалық ерекшеліктерін біледі
	Қоршаған ортамен таныстыру	Жәндіктер туралы (құмырсқа, көбелек, шыбын, қоңыз) түсінік беру Күтілетін нәтиже: Бақылау, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды біледі
	Сурет салу	Қылқаламмен жұмыстануда, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу Күтілетін нәтиже: суреттерді қылқаламмен және қарындашпен бояу тәсілдерін біледі
	Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорция сақтау, бөліктерді біріктіру Күтілетін нәтиже: бірнеше бөліктерден тұратын заттарды мүсіндей алады
	Жапсыру	Шығармашылық қиялды дамыту, жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау Күтілетін нәтиже: жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтайды, және ұқыптылықпен орындайды
	Құрастыру	Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалды өз бетінше тандап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру Күтілетін нәтиже: құрастыруда қауіпсіздік ережелерін сақтайды

